

Бокстан X Әлем Кубогын өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2002 жылғы 21 наурыз N 17-ө

1. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі мен Халықаралық Олимпиадалық Бокс қауымдастығының (ХОБҚ) 2002 жылғы 3-8 маусым кезеңінде Қазақстан Республикасында бокстан X Әлем Кубогі (бұдан әрі - Әлем кубогі) ойындарын өткізу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қоса беріліп отырған Әлем кубогіне дайындық және оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі мен Астана қаласының әкімі Астана қаласындағы "Қазақстан" спорт сарайында Әлем кубогіне дайындықты және оны өткізуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі ұсынған тізім бойынша Әлем кубогіне қатысушылар мен ресми адамдардың келу және кету құжаттарын ресімдеуге ж ә р д е м к ө р с е т с і н .

5. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Әлем кубогіне қатысушылар мен ресми адамдардың тұратын және жарыстар өтетін орындарында қоғамдық тәртіпті сақтауды, қауіпсіздігін және Әлем кубогіне қатысушы шетел азаматтарының Астана қаласының қонақ үйлерінде тіркелуін қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі "Қазақстан" спорт сарайы мен "Интерконтиненталь-Астана" қонақ үйіндегі Әлем кубогінің баспасөз-орталығын халықаралық телефон байланысымен және Интернетке қол жеткізілуін қамтамасыз етсін, Алматы және Астана қалаларының әуежайларында Әлем кубогіне қатысушыларды күтіп алу мен

шығарып салу үшін жағдай жасасын.

7. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Әлем кубогі ойындарына дайындық және оны өткізу барысының бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жария етілуін қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің

2002 жылғы 21 наурыздағы
N 17 өкімімен бекітілген

Бокстан X Әлем кубогына дайындық және оны өткізу жөніндегі
ұйымдастыру комитетінің құрамы

1. Мұхаметжанов Қазақстан Республикасының
Бауыржан Әлімұлы Премьер-Министрінің
орынбасары, төраға;
2. Әбенев Қазақстан Республикасы
Сұлтан Мұрашұлы Премьер-Министрінің
кеңесшісі, орынбасар;
3. Тұрлыханов Қазақстан Республикасы
Дәулет Болатұлы Туризм және спорт жөніндегі
агенттігінің төрағасы,
орынбасар;
4. Жақсыбеков Астана қаласының әкімі,
Әділбек Рыскелдіұлы орынбасар;
5. Махмұтов Халықаралық олимпиадалық
Бекет Сапабекұлы бокс қауымдастығының вице-
президенті, орынбасар;

Ұйымдастыру комитетінің мүшелері:

1. Сүлейменов Қазақстан Республикасының
Қайырбек Шошанұлы Ішкі істер министрі;
2. Құл-Мұхаммед Қазақстан Республикасының
Мұхтар Абрарұлы Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім министрі;
3. Жақыпов Қазақстан Республикасының
Қабиболла Қабенұлы Көлік және коммуникациялар
министрінің бірінші
орынбасары;

4. Келімбетов Қайрат Нематұлы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бірінші орынбасары;
5. Тәжібай Бақытбек Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігі төрағасының бірінші орынбасары;
6. Мусин Ерік Мазанұлы Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесі Әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің меңгерушісі
7. Нығматуллин Нұрлан Зайроллаұлы Астана қаласы әкімінің орынбасары, Астана қаласы бокс федерациясының президенті;
8. Төкеев Серік Адамұлы Ұлттық командалардың және спорттық резервтің штаттық дирекциясының басшысы;
9. Цхвирашвили Борис Семенович Қазақстан Республикасы бокс федерациясының бас хатшысы (келісім бойынша);
10. Нуров Наиль Фаридович "Қазспортқамтамасызету" ААҚ басқармасының президенті (келісім бойынша);
11. Қасқабасов Серік Сейітұлы "Қазақстан" спорт сарайы РМК-ның директоры (келісім бойынша);
12. Элибол Риза "Интерконтиненталь-Астана" қонақ үйінің бас менеджері (келісім бойынша);

13. Жуков Владимир
Романович

"Ақмолатурист" ААҚ-ның бас
директоры (келісім бойынша)

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК